Әділет

# Ауыл шаруашылығы дақылдарының бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарды сатуға, сатып алуға шекті бағаны белгілеу туралы

***Күшін жойған***

Алматы облысы әкімдігінің 2012 жылғы 30 мамырдағы N 156 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 20 маусымда N 2096 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2014 жылғы 20 тамыздағы N 324 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 20.08.2014 № 324 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 23 қаңтар 2001 жылғы 27-бабына, 5-тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 14 мамырдағы "Тұқым шаруашылығын дамытуға жергілікті бюджеттерден атаулы субсидия беру ережесін бекіту туралы" N 381 қаулысын орындау мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымды ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің сатып алу және тұқым шаруашылықтарының сату бағасы белгіленіп және 2012 жылғы ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша тұқымның 1 тоннасына арналған субсидияның мөлшері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Ауыл шаруашылығы дақылдарының әр түрлері бойынша 2012 жылғы субсидияның көлемін "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" ( Б.Б.Әлиев) мемлекеттік мекемесі бекітсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т. Досымбековке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі А. Мұсаханов*

Алматы облыс әкімдігінің "Ауыл шаруашылығы дақылдарының субсидия көлемін бекіту және бірінші екінші және үшінші көбейтілген тұқымдарды сатуға,

сатып алуға шекті бағаны белгілеу туралы" 2012 жылғы 30 мамырдағы N 156 қаулысына қосымша

## Бірінші, екінші және үшінші көбейтілген тұқымды ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің сатып алуы және тұқым шаруашылықтарының сатуға арналған шекті бағалары және Ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша тұқымның 1 тоннасына 2012 жылға арналған субсидия мөлшері

| N | Ауыл шаруашы-лығы өсім-дігі-нің атауы | Субсидия-лауға жататын бірінші көбей-тілген тұқымның бір тонна-сының шекті сату бағасы, теңге | Субсидия-лауға жататын екінші көбей-тілген тұқымның бір тоннасы-ның шекті сату бағасы, теңге | Субсидия-лауға жататын үшінші көбейтіл-ген тұқымның бір тонна-сының шекті сату бағасы, теңге | Бірінші, екінші және үшінші көбей-тілген тұқымның 1 тоннасы-ның құнын арзан-дату 40 пайызға дейін | Сатыл-ған бірінші көбей-тілген тұқым-ның 1 тонна-сының субси-диялар норма-тиві, теңге | Сатыл-ған екінші көбей-тілген тұқым-ның 1 тонна-сының субси-диялар норма-тиві, теңге | Сатыл-ған үшінші көбей-тілген тұқым-ның 1 тонна-сының субси-диялар норма-тиві, теңге |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жұмсақ бидай | 32000 | 30000 | 28000 | 36 | 17000 | 15000 | 13000 |
| 2 | Арпа | 28500 | 26500 | 24500 | 34 | 14500 | 12500 | 10500 |
| 3 | Сыра дайын-дауға арнал-ған арпа | 28000 | 26000 | 24000 | 36 | 16000 | 14000 | 12000 |
| 4 | Жүгері: кеш пісетін, орташа кеш және орташа пісеті ерте пісетін | 194000<br>163800 | 192000<br>160800 | 190000<br>157800 | 30<br>30 | 92000<br>77000 | 90000<br>75000 | 88000<br>73000 |
| 5 | Күріш | 56500 | 54500 | 52500 | 32 | 26500 | 24500 | 22500 |
| 6 | | 48300 | 46300 | 44300 | 32 | 22700 | | 18700 |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Қытай бұршақ | | | | | | 20700 | |
| 7 | Мақсары | 42500 | 40500 | 38500 | 32 | 22500 | 20500 | 18500 |
| 8 | Картоп | 66500 | 64500 | 62500 | 30 | 28500 | 26500 | 24500 |
| 9 | Көпжыл-дық бұршақ-ты шөптер | 284000 | 264000 | 244000 | 30 | 125000 | 105000 | 85000 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК